

Сапақкөл орта мектебінің 2022-2023-оқу жылында 7-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылы 7-сынып 14 оқушымен бастады, сыныпта 7 ер бала, 7 қыз бала білім алды.

Үздік оқушылар: Амангелдіқызы Қымбат, Алшынбекқызы Сағыныш

Екпінділер: Аманжан Аңсар, Кенжебай Мұрат, Рысқали Алтынгүл, Серікбай Жанбота, Қайратқызы Амангүл

Көп балалы отбасы саны 10; Азқамтылған-2

Оқу жылының басында Қонақбай Мәулен 1 жылдық «Ақбөбек» сауықтыру орталығында ем алды.

Оқушылардың жаңа оқу жылына деген дайындығынан бастадық. Мектепке материалдық жағынан дайындығын тексеріп, ата-аналармен байланыс жасалды.

Бірінші қыркүйек білім күніне орай Алғашқы оқу жылы «Мектебім мейірім мекені» атты білім сағаты ұйымдастырылды. Өткізілген сынып сағатына мектеп ұстаздары, ата-аналар қатысып, оқушыларға өз білім ордалары сыйлап, құрметтеу, ішкі тәртіп ережелерін сақтау туралы түсіндірме берді.

Тәрбие бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітілді. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналармен үнемі байланыста болып мектепшілік шараларға шақырылып отырдық сондай ақ мектеп психологі түрлі тренингтер, сауалнамалар, дөңгелек үстел т.б бала тәрбиесіне қатысты түрлі шараларға қатынасып тұрды.

2022-2023 оқу жылына арналған 7-сынып тәрбие жұмысының жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақытын есепке алып, пәндік және басқада үйірме секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарылды.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие құндылықтарына арналған жылдық жоспарға сай тәрбие жұмыстары мен сынып сағаттары өткізілді.

Тәрбие мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері: -Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін

қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

-Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу.

-Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

-Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу

-Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

Күтілетін нәтиже:

-Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата»

«тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасын қадірлейді.

-Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елімен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрді біледі оны сақтайды. Әр істеген қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетеді, ар ұятты жоғары бағалайды.

-Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді.

-Тұратын ауылын, ауласын, қаласын таза ұстауға қоғамдық орындарды қоршаған ортаны ұқыптылық пен қарауға және еңбекті жоғары бағалайды.

-Тәрбие құндылықтары оқушы бойына сіңіріп, арттыру мақсатында төменде көрсетілген 3 құндылықты негізге алып, жылдық тәрбие жұмыстары жүргізілді.

1. Ұлттық мүде:

-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;

-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;

-Елінің тарихын құрметтейді;

-Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді;

-Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды;

2. Ар-ұят:

-Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

-Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;


-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

- Достарын сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

3. Талап:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз жасампаз тұлға;

Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:









Алдағы уақытта тәрбие жұмысын жосраплаудағы басым бағыттары:

- Ұжымдық шығармашылық шараларды жүргізу;
 - Кәсіби бағдар беру бағыты бойынша жұмыстарды үйлестіру;
 - Мектеп оқушыларының қызығушылығын, қажеттілігін икемділігін ерекшеліктерін зерттеу мақсатында: сынып сағаттары тренингтер, сауалнамалар, идеялар мен ұсыныстар, аукционды сынды жұмыстар жүргізіліп отырды;
 - Мектептегі ашық есік күндерінде ата-аналар шақырып қатыстыру;
 - Жеткіншек шақта оқушының құқығы мен міндеттері кеңейе түседі. Олар өздері шараларды жоспарлап, ұйымдастырып талдауға үйренеді. Себебі балалар зейіндерінің қызығушылығы мен көзқарасына қарай топтала бастайды.
 - Жасөспірім бойында ересектің белгілері пайда болғанын ескеріп: ересек адамның әлеуметтік рөлі, жауапкершілігі туралы дұрыс көзқарас қалыптастыру;
 - Бір бірімен қарым қатынасты серіктестік сенім, қамқорлық, сыйластық негізінде құруға баулу.
 - Кәсіби бағытына аса көңіл бөлу;
- Жасөспірімдермен жұмысты ұйымдастыруда отбасымен тығыз қарым қатынаста болу маңызды, отбасының тәрбиелеу типін білу және ата-анаға жасөспірімдерді дұрыс тәрбиелеуде, қиыншылықты жеңуде көмек беру, бағыт көрсету өте маңызды.

Сынып жетекшісі: Дауленова Мақтым Аманжоловна